

<sup>1</sup>Х.С. Абдильдина, <sup>2</sup>Ж.Т. Кульжанова , <sup>3</sup>Г.Р. Шерьязданова 

<sup>1</sup>философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
e-mail: a.xorlan.78@mail.ru

<sup>2</sup>философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
e-mail: zhuldizay\_68@mail.ru

<sup>3</sup>саясаттану ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.  
e-mail: sheryazdang@gmail.com

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

## ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ЗЕРТТЕЛУІ

**Аңдатпа.** Ұлттық менталитетті әлеуметтік философияның мәселесі ретінде қарау үшін, біздің дүниетанымымыздың қайнар көзі ретінде қазақ философиясына тоқталамыз. Менталитет мәселесі халықтың дүниені түйсінуі, дүниені қабылдауы, халықтың бірегейлігін қамтамасыз ететін рухани сапалы жағдайы ретінде қарау үшін, бұл мәселенің біздің отандық философияда қалай бастау алғанына сараптау жасауды алдымызға міндет етіп қойдық. Қазақ дүниетанымында менталитеттің мәселесі уақыт пен кеңістік жағдайында қаралуы қоғамдық пікірдің белсенділігін, пәрменділігін айтса, төртіншіден, қоғамдық жүйенің тұрақтылығын сақтауға ұмтылуы, бесіншіден, еркіндікті қадірлеуі.

Авторлар халықтың дүниетанымындағы кеңістік категориясының маңызды болуы халықты сабырлыққа, төзімділікке тәрбиелесе, уақыт категориясының бірінші орында тұруы, халықты белсенділікке, бәсекелестікке тәрбиелейді деп санайды. Сондықтан, көшпенділердің бір жағынан сабырлы, момын мінезі және жаугершілік, белсенділік мінезі уақыт пен кеңістік ұғымдарының қоғамдық санаға қатар енуіне себеп болып отыр. Қоғамдық пікірдің пәрменді болуы жалпы Шығыс елдеріне тән қасиет, әлеуметтік бақылау рөлінің жоғары болуы халықтың ұрпақты тәрбиелеуге аса мән бергендігін көрсетеді. Бұл қасиет өз кезегінде ұлттық тұрақтылықты сақтауға ұмтылыспен бірігеді.

Мақаланың басты мақсаты – халық менталитетін зерттеп жүрген ғалымдардың саяси үдерістердің арасындағы өзара байланыстары туралы жазған ой-тұжырымдамаларына талдау жасау болып табылады.

**Түйін сөздер:** ұлттық менталитет, ұлттық сана, қазақ философиясы, уақыт пен кеңістік өлшемі.

<sup>1</sup>H.S. Abdildina, <sup>2</sup>Zh.T. Kulzhanova, <sup>3</sup>G.R. Sheryazdanova

<sup>1</sup>Candidate of Philosophy, associate professor, e-mail: a.xorlan.78@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of Philosophy, associate professor, e-mail: zhuldizay\_68@mail.ru

<sup>3</sup>Candidate of Political Sciences, associate professor, e-mail: sheryazdang@gmail.com  
Kazakh agrotechnical university after S. Seifullin, Kazakhstan, Nur-Sultan

### Social-philosophical study of national mentality

**Abstract.** To consider the national mentality as a problem of social philosophy, we focus on Kazakh philosophy as a source of our worldview. We set ourselves the task of analyzing the problem of mentality as a way of thinking people in terms of perceiving and accepting the world, the spiritual quality of people and how this problem began in our internal philosophy. The problem of mentality in the Kazakh world is considered in time and space. The mentality of the nomadic period in spatio-temporal dimensions, the mentality of the Kazakh nation, the mentality of the Soviet era or the Eurasian mentality and the concept of the Kazakh mentality, formed under conditions of modern independence, are reflected in the literature.

The authors believe that the high value of the category of space in people will lead the population to a high level of tolerance, while finding the category of time in the first place will lead the population to increase activity and competition. Consequently, the nature of calm and, at the same time, ardent activity among nomads, contributed to the integration of time and space into public consciousness. The

effectiveness of public opinion is characteristic of the countries of the Commonwealth, and the high role of social control indicates that people attach great importance to the education of generations. This quality, in turn, combines the desire to maintain national stability.

The main goal of the article is to analyze the ideas and thoughts that mentality scholars write about the relationship between political processes.

**Key words:** national mentality, national identity, Kazakh philosophy, spatio-temporal dimension.

<sup>1</sup>Х.С. Абдильдина, <sup>2</sup>Ж.Т. Кульжанов, <sup>3</sup>Г.Р. Шерьязданова

<sup>1</sup>кандидат философских наук, ассоциированный профессор, e-mail: a.xorlan.78@mail.ru

<sup>2</sup>кандидат философских наук, ассоциированный профессор, e-mail: zhuldizay\_68@mail.ru

<sup>3</sup>кандидат политических наук, ассоциированный профессор, e-mail: sheryazdang@gmail.com  
Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, Казахстан, г. Нур-Султан

### Социально-философское исследование национального менталитета

**Аннотация.** Рассматривая национальный менталитет как проблему социальной философии, мы ориентируемся на казахскую философию как источник нашего мировоззрения. Авторы данной статьи поставили перед собой задачу проанализировать проблему ментальности как способа мышления людей с точки зрения восприятия и принятия мира, духовного качества людей и того, как эта проблема появилась в нашей философии. Проблема менталитета в казахском мире рассматривается во времени и пространстве. А статья отражены менталитет кочевого периода по пространственно-временным измерениям, менталитет казахской нации, менталитет советской эпохи или евразийский менталитет и концепция казахстанского менталитета, сформированная в условиях современной независимости.

Авторы считают, что высокое значение категории пространства у людей приведет население к высокому уровню толерантности, тогда как нахождение категории времени на первом месте приведет население к поднятию активности и конкуренции. Следовательно, характер спокойной и, одновременно, пылкой деятельности у кочевников поспособствовало интеграции времени и пространства в общественное сознание. Эффективность общественного мнения характерна для стран Содружества, а высокая роль социального контроля свидетельствует о том, что люди придают большое значение воспитанию поколений. Это качество, в свою очередь, объединяет стремление сохранить национальную стабильность.

**Ключевые слова:** национальный менталитет, национальное самосознание, казахская философия, пространственно-временное измерение.

### Кіріспе

Қазақстандық зерттеушілер қазақ ұлтының менталитетін барынша жан-жақты зерттеген. Біріншіден, оның тарихи қалыптасуын, негізінде жатқан архетиптерге талдау жасаған. Екіншіден, қазақ халқы менталитетінің рухани негізін, ондағы қасиеттерге, атап айтқанда, төзімділік, еркіндік, намыс, тектілік, мәмілелік қасиеттеріне философиялық сараптама жүргізген. Үшіншіден, ұлттық менталитеттің әлеуметтік негізін, қазіргі таңдағы өзгеру үрдістерін зерттеген. Зерттеулер қазіргі қоғамдағы демократиялық, құқықтық, нарықтық, экологиялық және жаһандану үдерістеріне байланысты ұлт менталитетінің өзгеру ерекшеліктеріне қатысты анықталған. Төртіншіден, мемлекеттік саясаттың тиімді жүргізілуінің нәтижесінде қалыптасып келе жатқан еуразиялық немесе қазақстандық біртұтас идеялар туралы мәселелер көтерілген.

Бесіншіден, ұлт менталитетінің қазіргі білім беру және әлеуметтік-гуманитарлық білім саласындағы маңыздылығын ашқан.

Ойшылдар менталитет категориясының табиғатын тереңірек ашуға тырысқан. Тарихи кезеңдерге байланысты халық менталитетінің өзгеру ерекшеліктеріне герменевтикалық және экзистенциалдық тұрғыдан зерттеулер жүргізген. Менталитет ұғымының қоғамның болмысы мен дамуын зерттегендегі орны мен рөлінің маңыздылығын көрсеткен.

Десек те ұлттық менталитеттің қазіргі кезеңдегі қалыптасу және даму ерекшелігі, оның әлеуметтік-саяси саладағы орны мен рөлі әлеуметтік-философиялық тұрғыдан әлі толығымен зерттеліп болмаған тың тақырыптардың бірі. Ұлттық бірегейлік тұрғысынан әлі де елдік деңгейдегі біртұтас ұлттық менталитеттің құндылықтық астары әлі де болса терең зерттеулерді қажет етеді.

## Зерттеу әдістемесі

Мақаланың әдіснамалық негізі жалпылық пен жалқылықтың өзара байланысының және сонымен бірге объектілерді жүйе ретінде сараптау кезінде жалпылық жағдайдағы бөліктердің өзара байланыстарының диалектикалық принципіне негізделген жүйелік-құрылымды әдістер бағыт болып табылады. Бұл бағыт өз шеңберіне элементарлық және сыртқы жүйелік қарым-қатынастарға қатысты оларды сандық және сапалық көрсеткіштермен бағалайтын әдістер мен тәсілдерді және теориялық үлгілерді біріктіреді. Нәтижесінде жүйелік бағыт объектінің тұтастығын талқылауға бағытталған, оның ішкі сан алуан байланыстарын көрсетуге және оларды бір тұтас теориялық көрініске айналдырады. Деректер мен әлеуметтанулық зерттеулер мәліметтерін жинақтау мен талдау барысында және әдебиеттерге дерекнамалық анализ жасаған кезде жіктеу, салыстыру, статистикалық, дедуктивті және т.б. әдістер қолданылды.

## Негізгі бөлім

Көпэтносты қоғамда, негізінен ұлт тудыратын этностар болады, себебі ұлттың пайда болуы мен дамуы – үнемі өзгеріп отыратын үдеріс. Осы этнос халықтың көп бөлігін қамтитын, негізгі әлеуметтік күш болып табылады. Оның тілі, өмір салты, мәдени құндылықтары барынша әрекетті және әсерлі. Бұл этнос ядро ретінде, ал қалған этностар ірі этнос ықпалымен, табиғи түрде біріге өмір сүреді. М. Орынбеков менталитетті былай деп қарастырған: «Менталитет – қоғамдағы ұжымдық деңгейде қалыптасатын ойлау және іс атқару жүйесі, ол қоғамның барлық мүшелеріне тән және барлық жеке тұлғалардың іс-әрекеттерінде көрінеді» (Орынбеков, 1994: 207), ал келесі ойшыл, В.И. Зорин «менталитет: а) ой қыртысы; б) дүниені сезу, дүниені қабылдау; в) жеке тұлғаның психологиясы, саналылық пен бейсаналық негізінде жататын қалыптасқан бейне, жалпылық, логикалық және эмпирикалық, яғни ойлаудың, идеологияның, сенім мен эмоцияның терең бұлағы» – дейді (Зорин, 1996: 145). Біздің ойымызша, бұл жерде зерттеушілер менталитеттің екі жағын бір-біріне қарсы қояды. М. Орынбеков менталитеттің жалпықоғамдық қасиетін ашқысы келсе, В.И. Зорин керісінше менталитеттің жекелік сипатына назар аударған.

Белгілі ғалым Д. Кішібеков өзінің «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең» атты моно-

графиясында: «менталитетті біздің ойымызша, адамдардың нақтылы ісінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен т.б. бөліп қарауға болмайды. Ол тек солар арқылы бейнеленетін, түсінуге болатын құбылыс. Олардан менталитетті жеке-дара бөліп алып қарастыруға болмайды» (Кішібеков, 1999: 200) деп ой айтады. Халықтың менталитетін түсіну арқылы оның іс-әрекетіне, өмір сүру тәсілінің өзгеруіне, ойлау жүйесінің бағдарына болжам жасауға мүмкіндік туады. Яғни зерттеуші халықтың менталитетін толығымен зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Халықтың менталитетін толығымен зерттеу арқылы оның бүгінгі мен ертеңіне жан-жақты сараптамалар жүргізуге болады. Осыдан келіп, қоғамның саяси, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, экономикалық және тағы да басқа салалардағы ұстанымдарын, іс-қимылдарын анықтап, бақылау жасау қажеттілігі туындайды.

Ұлтменталитетін жан-жақты зерттегендердің бірі Т. Бурбаев болды. Ол менталитетке анықтама бергенде: «Менталитет дегеніміз – синкретті рухани тұтастыққа негізделген адамның мінез-құлқы, іс-қимылы, ойлау ерекшелігі, дүниені сезінуі мен қабылдауы, саналық пен бейсаналықтың тұтастығы» (Бурбаев, 2005: 287) – деді. Оның ойынша менталитет ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп, ұлт өкілдерінің мінез-құлқы мен дүниеге көзқарасында, өмір салты мен әдетінде, философиясы мен ғылымында, мәдениетінде, жалпы рухани болмысында көрініс табады. «Халық деген ұғым қандай тұтастықты білдірсе, оның менталитеті де сондай тұтастықты білдіреді» (Бурбаев, 2005: 211) деп, менталитетті интегралды ұғым ретінде дәлелдеп береді. Осылай дей келе философия ұлттық менталитеттің қоғамның әрбір саласында алатын орнын зерттейді. Соның ішінде мемлекеттік басқаруға байланысты былай деп ой қозғайды: «Біріншіден, мемлекеттік басқару бүгінгі Қазақстан жағдайындағы ұлт менталитетінің даму ерекшеліктерін ескеру қажет. Сонда ғана, халықтың мемлекетке деген сенімі артады, мемлекетті басқарудың тиімділігі өседі. Басқаша айтқанда, «мемлекеттік басқару өнері жаңа экономикалық, саяси, әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталуы тиіс» (Құдабаев, 2004: 56); екіншіден, мемлекетті басқару тиімділігі мен ұлт менталитеті арасындағы байланысты қарағанда, қазақстандық жағдайда толыққанды деңгейде қызмет атқаратын басқару ғылымын жасаудың уақыты жеткенін атап өтуіміз керек; үшіншіден, мемлекет басқару тиімділігі кешенді

және тұтастық жүйесі негізінде жүргізілуі қажет. Басқару білімін меңгеру тек мемлекет қызметкерлері үшін ғана емес, ұжым басшыларына да өте қажет».

Менталитетті интегралды құбылыс ретінде қарау аса маңызды. Адамның санасын, дүниені қабылдауын және соған сәйкес іс-әрекетін бөліп-бөліп қарастыруға болмайды. Адам ол тұтас әлем болғандықтан, оның менталитеті де тұтастықты білдіреді. «...қазақ халқының болмысын жағымды жақтан көрсете білудің ұрпақты тәрбиелеуде маңызы бар» (Нұрмұратов, 2000: 180).

Зерттеушілер менталитетті осылай қарастыра отырып «Менталитет біздің қоршаған ортаға, оқиғаларға, құбылыстарға және т.б. деген қарым-қатынасымызды анықтайды» деген тұжырым әр ұлттың менталитетінің маңыздылығын көрсетеді (Моисеева, 2003: 49).

Ұлттық менталитет «әлеуметтік келісім негіздемесін іздеу зерттеулерінде қолданған» (Жукешев, 2006: 81). Ал әлеуметтік келісімге байланысты «іс-қимылдың көрінісін ментальдықтан іздеу» де маңызды (Лесная, 2001: 184).

Қазіргі қазақстандық менталитеттің түп негізінде орын алатын, территориялық-шаруашылық ортамен тығыз байланысты менталитет. Біздің ойымызша, алғашқы дүниені қабылдау, дүниені түйсіну біздің тарихымызда көшпенділердің дүниетанымымен тығыз байланысты. Көшпенділер менталитетін Д. Кішібеков: «...тек санадан шығармай, кеңінен алып қараған жөн» – деп ерекше қарауға қатысты пікірін айтады (Кішібеков, 1999: 4). Шындығында, көшпенділер менталитетін зерттеу барысында рационалды бағыттарды қолдануды ұсынған зерттеушімен толығымен келісеміз. Көшпенділердің дүниені түйсіну ерекшеліктеріне қарай отырып, олардың ойлау жүйесіне философиялық тұрғыдан талдау жасау арқылы көшпенділер менталитетіне қатысты көптеген объективті ақпараттарды алуға болады.

«Көшпенділердің Логосында құпия қашан да құнды. Құпия өмірдің негізі, ол өмірге, ерікке, күшке пара-пар. Егер гректер үшін ақиқат айқын, ашық болса, мұнда шындықтың мәні жасырын, құпия. Логостың құпиясы – ым, тұспалдау. Мұнда тура ешкім айтпайды, ойын білдірмейді. Жел Әміріне қарсы ештеңе ашық айтуға болмайды. Бәрі сыбырлап сөйлейді. Сыбыс, қауесет және ақиқат тура айтылмай, жанама айтылады» (Тәгімов, 2000).

Көшпенділердің кеңістік пен уақыт туралы түсініктері мүлдем ерекше. Мәселен, «қазақ

тіліндегі «ұзақ» деген сөз уақыт пен кеңістікке бірдей қатысты. Бұған «ұзақ жол», «күн ұзақ», «жол ұзақ», «уақытты ұзарту» т.б. сияқты тұрақты тіркестер дәлел болады» (Тәгімов, 2000: 181). Дүниені қабылдаудағы мұндай ойлау ерекшеліктері негізінде адам мен табиғат арасындағы күрделі байланыстан туындаған ментальдықта тұтастық жатыр деп айтуға болады. «Көшпелі өмір салтта уақыт пен кеңістікті тел танып, бір-бірімен біте қайнасқан сабақтастықты игермей тұрып, әлеуметтік өмірде береке таппас еді» – дейді А. Сейдімбек (Есім, 1994: 224). Яғни көшпенді халық үшін уақыт пен кеңістікті жекелеп қарау олардың өмір сүру салтына қайшы келеді. «Қазақ философиясынан методологияны да, гносеологияны да іздеп әуре болудың қажеті жоқ. Олардың орнын табиғи туа біткен сезім, аңғару, интуиция басып жатыр» (Жамбылов, 2000: 240). Бұл ойлар арқылы көшпенділер ментальдығының мәнін ашу жүзеге асырылады.

«Көшпенді менталитетке тән тағы бір ерекшелік – қоғамдық пікірдің тірлігі, оның пәрменділігі, әркімнің қоғамдық пікірді қалыптастыруға белсене атсалысып отыратыны, үнемі қоғамдық ойдың бағыт-бағдарын анықтауда ой еркіндігі мен сөз бостандығын пайдалануы ғажап феномен десек те болады» (Бурбаев, 2005: 155). Ойшыл көшпенділер қоғамындағы демократиялық құндылықтардың көрінісін дұрыс көрсете білген. Бұдан біз көшпенділер менталитетінің өз заманында қоғамдық өмірге айтарлықтай ықпал ете алғандығын көреміз.

Сонымен бірге, демократиялық үдерістерде басты рөл халыққа, көпшілікке берілетін болса, ол туралы зерттеушілеріміз өз ойларын зерделі тұжырымдаған. «Көшпенділік менталитетке тән тағы бір ерекшелік, ол қоғамдық ойдың қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесін сақтаудағы тұрақтылығы, тіпті мүдделілік танытуы. Мәселен, көшпенді қазақ қоғамында би, болыс, сұлтан, хандар қашанда ел ішіндегі пікірлерге сүйеніп отырған. Оны өз іс-әрекеттерінің негізі ретінде танып қоймай, сонымен бірге, қоғамдық пікір негізінде іс-әрекет үлгісін жасап отырған. Оны ешкім аттап өте алмаған. Өйткені әр бір жеке тұлға өзін рудан бөлек дара қарай алмаған. Жеке бастық сана мен рулық сана шеңберінде ғана өзінің өміршеңдігін дәлелдей алғандықтан, қоғамдық пікірмен санасып отырған. Осыдан келіп, «У ішсең руыңмен», «Көппен көрген ұлы той» – деген ментальдық деңгейдегі түсініктер мен қағидалар пайда болған. Мұндай ұстаным бүгінгі қазақ

халқы менталитетінің ерекше бір көрінісі болып табылатын ұжымдық сананың негізі екені сөзсіз. Қазақ халқына тән ұжымдық менталитеттің тамырының тереңдігі соншалықты, оны басқа, яғни жеке бастылыққа негізделген менталитетпен ауыстырудың мүмкін еместігін көреміз» (Бурбаев, 2005: 156).

Көшпелі өмір қазақ халқының ойлау жүйесіне, психикалық жан дүниесіне еркіндік сезімін мықты сіңіреді деп есептейді Д. Жамбылов (2000: 240). Сондықтан ата-бабамыз ел шетіне жау келгенде тайсалмай қарсы тұрып жерін қорғады. Осы еркіндікке, бостандыққа деген құштарлықтың нәтижесінде қазақ халқы өз ұрпағына ұлан ғайыр даланы мұра етіп қалдырды.

Көшпенділер дүниетанымындағы билік пен халықтың арасындағы ментальдық астарды түсіну тек халық ауыз әдебиеттерінен алынған деректер бойынша түсіндіріледі. Әрине батыс елдерінде өткен өмірін, мәдениетін, тарихын зерттеген кезде жазба деректерге сүйенетіні сөзсіз. Қазақ халқында өзіндік жазба деректері болмаса да, көршілес немесе қазақ халқын зерттеген басқа елдердің зерттеушілерінің жазбаларынан қазақ халқының қастерлеген құндылықтары туралы мәліметтер алуға болады. Сонымен бірге менталитеттің құндылықтарын анықтауда жазбаша деректер ғана көмек бола бермейді, оны тарихи тағылымнан, салт-дәстүрден, өнеге сөздерден де кездестіруімізге болады. Солардың бірі халықтың бай мұрасы болып табылатын халық ауыз әдебиетіндегі кейбір деректер де осыған дәлел. Бұл деректерде қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы, тірлік-тынысы, арман-мұраты анық көрініс тапқан. Мұндай рухани қазына, құндылықтарды жан-жақты зерттеу, оның сан қырлы сырын ашу жалғыз бір ғана ұлттың емес, жалпы адамзаттың мәдени мұрасын зерделеуге қосылған үлес болып табылады.

Келесі қазақстандық ойшылдардың назарында жүрген мәселе – қазақ ұлтының төл менталитеті болып табылады. Менталитеттің құрылымындағы құндылықтар мен демократиялық принциптердің арасындағы сәйкестілікті де қазақстандық ойшылдар өз зерттеулерінде көрсеткен. Олардың ойынша, қазақ халқы еркіндік, бостандық және тәуелсіздікпен қатар әділеттілікті де жоғары құндылық ретінде бағалаған. Әділ билеушінің аса маңызды рөл атқаратындығын, адамдық қамқоршы қасиеттерін дәріптеген. Бұл жөнінде ғалым Д. Жамбылов былай деп жазады: «бас кес-

спек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағидатты ұстанып, ханнан да қаймықпай, ол асып-тасып бара жатқанда сабасына түсіріп, ақиқатын тура айтқан. Қателігі болса, көрсетіп отырған. Әділетсіз, қайырымсыз, халыққа қысым көрсете беретін ханды «ханталапай» еткен. Мұның бәрін халық та дұрыс санаған. Бұл дала демократиясының бір белгісі іспеттес» (Жамбылов, 2000: 32). Бұл оймен толық келісуге болады, қазақ халқының еркіндігі, оның сөз бостандығында жатыр.

«Қазақ менталитеті еуропалықтар шеңберіне симайды. Қазақ жері қандай кең болса, оның менталитеті де сондай мол, рухани жағынан өте бай. Оны еуропалық қалыпқа салып қарауға болмайды. Оның өркениеті де, өлшемдік түсінігі де басқа» (Кішібеков, 1999: 4) дейді. Қазіргі Қазақстандағы демократиялық үдеріске баға бергенде осы сөздерді негізге ала отырып, саралауымыз дұрыс, себебі қоғамдағы демократия көріністері батыстық болмысқа толығымен сай келмейді. Менталитет неге қатысты қалыптасады деген сұраққа Д. Кішібеков былай деп жауап береді: «Әрине, алдымен ол туған географиялық ортаға, сондай-ақ материалдық, әлеуметтік-саяси, идеологиялық жағдайларға сәйкес және сонымен тығыз байланыста қалыптасады. Осы факторларға сәйкес адамның рухани дүниесі, ойлау жүйесі, мінез-құлқы, қайрат-жігері, әдет-ғұрпы, ойын-сауығы т.б. өзіне ғана тән қасиеттері тұрақталады. Солар арқылы бір ұлт бір ұлттан ерекшеленеді. Сол ерекшеліктер арқылы қоғамның рухани байлығы артады» (Кішібеков, 1999: 5). Бұл жерде зерттеушінің ойынша, әрбір халықтың немесе ұлттың менталитетін, дүниетанымын, әлемді түйсінуін зерттегенде ортақ параметрлерді барлығына бірдей қолдана беруге болмайды. Әрбір халық ерекше және оның ерекше болып қалыптасуына ықпал ететін факторлар да өзгеше болып келеді.

Біздің ойымызша, менталитеттің қалыптасуы бірнеше тарихи кезеңдерден тұрады, сонымен бірге әрбір халықтың менталитетінің өзіндік ерекшеліктері оның бүгіні мен ертеңін анықтай алатыны сөзсіз. Бұл туралы қазақстандық философтар көбіне қазақ ұлтының менталитеті төңірегінде ой қозғаған. Ал, жалпы қазақстандық менталитетке қатысты да осы ойларды айтуға болады, біріншісі екіншісін толықтырып тұрады деп айтуға толық негіз бар.

Қазақ менталитетін зерттеушілер, алдымен оны шығыстық болмыспен байланыстырады. Шығыс елімен қатар айтылатын негізгі ұғымдарына келсек, олар, «көшпенділік, дала,

көпшілдік, құпиялық» (Токаев, 2003: 656). Бұл сипаттамадан зерттеушілердің ойларында алшақтық байқалмайды.

Келесі сипаттаманы қайталай отырып, оның маңыздылығын тағы да бір көрсете кеткен абзал. «Қазақ менталитеті еуропалықтар шеңберіне сыймайды. Қазақ жері қандай кең болса, оның менталитеті де сондай мол, рухани жағынан өте бай. Оны еуропалық қалыпқа салып қарауға болмайды. Оның өркениеті де, өлшемдік түсінігі де басқа» (Кішібеков, 1999: 4) деу арқылы жалпы қазақ халқының қалыптасуындағы, дамуындағы ерекшелікті айта келіп, өткен тоталитарлық қоғамнан алған озбырлығы туралы былай деп ой қорытады: «қазақ халқы тоталитаризм кезінен, тіпті оған дейін өз елінде тұрып, өз ойын ашық айта алмайтын, ұлықтарға, орыс халқына бағынышты, жалтақ мәймөнкешіл, тек жағынуға ұмтылған, олар не айтса да, сенікі дұрыс деген халыққа айналды. Сондықтан да қазақ халқының санасын ояту, өзіне өзінің сенімін арттыру, жаңаша ел болайық, өзімізді өзіміз билейік, бір кездегі данышпан, ер-жүрек, батыр болған ата бабалар қалпына келтірейік деген талап оңайға түспеуде» (Бурбаев, 2005: 159). Қоғамдағы билік әдіс-тәсілдерінің пәрменді жұмыс істеуі арқасында тұтастай халықтың болмысына әсер ете алмаса да, сол халықты құрайтын кейбір әлеуметтік топтарға барынша ықпалын тигізе алатынын тоталитарлық қоғамның салдарына қарап айта аламыз.

Зерттеушілер менталитет тарихтың тезіне шыдай отырып, өз жасампаздығын сақтай алатынын айтады. «Менталитет ұрпақтан-ұрпаққа, мәдени-тарихи ойлаудың қалыптасқан тәсілі, дүниетаным, дүниесезім түрлері, сана және ұжымдық сана арқылы жеткізіліп отырады. Осы тұрғыдан келгенде бүгінгі қазақ менталитетінде ғасырлар бойы, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан, саф алтындай сақталып келген құндылықтар мен архетиптер жеткілікті» (Бурбаев 2005: 165). Солардың бірі ретінде – сөз өнеріне баса назар аударады. Себебі, менталитеттің көрініс табуы ол халықтың айтатын сөзі мен жасайтын іс-әрекеті болып табылады деп ойлаймыз. Бұл жөнінде Д. Кішібеков былай деп ой қозғайды: «Қазақ ежелден ойшыл, не айтса да мәселенің байыбына жетіп барып айтатын, сөздің түйініне мән берген халық... Біздің мақал-мәтелдеріміз тұнып тұрған философия. Сондықтан да шешендеріміз сөзін дәлелді, уәжді ету үшін әманда мақал-мәтелдерге жүгініп отырған. Асылы шешен, дәлелді, қисынды сөйлеу қазақ халқы арасында ерте заманнан

дәстүрге айналған» деп жазады (Кішібеков, 1999: 29). Қазақ менталитетіндегі сөз өнерінің терең дамуы халық менталитетінің рухани бай екендігін көрсетеді. Сөз өнері, шешендік дәстүр қазақ халқының дүниені, қоғамдық қатынастар мен адамдар арасындағы байланыстарды танудағы өнердің бір түрі. Ол ұлттық ойлау ерекшелігінің биік көрінісі, ажырамас түрі. Біздің ойымызша, қазақстандық ойшылдар менталитеттің құрамдас бөліктерін ажыратуда да біраз қадамдар жасаған.

Бұдан басқа ұлттық менталитеттің негізін құрайтын келесі ұлттық құндылықтарды айта кеткен жөн: бас бостандығы, теңдік, теңдікке негізделген әділеттілік құндылығы, байлыққа жетуден гөрі ар-намысты жоғары ұстау, онымен тығыз байланысты бар нәрсеге қанағат ету, ұжымдық мүддені жеке мүддеден гөрі жоғары ұстау, ерлікті, батырлықты қасиет тұту, өмірді бағалау, руханилықты жоғары қою, ертенгі күнмен емес бүгінгі күннің бағасын түсіне, сезіне отырып өмір сүру, ашықтық, қиналғандарға риясыз қол үшін беру, ата-ананы, үлкендерді сыйлау, құрметтеу.

Келесі қазақ философиясындағы менталитетке қатысты тақырып – ол кеңестік дәуірдегі менталитеттің өзгеруі. Бұл кезеңнің менталитетіне қатысты жасалған зерттеулер де аз емес. Басты ерекшелігі – қоғамның барлық саласындағы мемлекеттік бақылаудың пәрменді болуының нәтижесінде халық дүниетанымының, болмысының өзгеріске ұшырауы болып табылады. Айталық, Кеңес Одағының құрамына енген елдердің мінез-құлқына баса назар аударған. Біздің ойымызша, мемлекеттік саясаттың тиімді жүргізілуі және нәтижелі болуы үшін бағынышты халықтың менталитетін білу сол кездің өзінде маңызды болған, бұған кеңестік дәуірде біздің халыққа қатысты жүргізген зерттеулер мысал ретінде алынып, «осыған орай ХХ ғасырдың басында жарық көрген Ф. Щербинаның «Киргизская народность в местах крестьянских переселений» (СПб. 1905 ж.) еңбегі ойға оралады. Автор патша үкіметінің отаршылдық саясатын жүргізуші шенеунік, әрі ғалым. Ол қазақтардың бітім-болмысынан 13 жағымды, 13 жағымсыз мінез табады (Иванченко, 2001: 150).

Сонымен бірге, зерттеуші ұлттың жағымды мінездерін сипаттаған «...дін жағынан қарағанда фанатик емес, діндар; сауда және экономикалық салаларында адал және сөзіне берік; ақыл-парасаты жағынан алғыр, әрі білуге құштар; қазақтар өте-мөте анықтылығымен

айрықшаланады; арақорлық атымен жоқ, есірткі сусындарға құмар емес; балаларды жақсы көреді; қарым-қатынаста қарапайым; үлкендерді – ақсақалдарды халықтың ең таңдаулы өкілдері ретінде сыйлайды; қазақ табиғат құшағында болғандықтан – табиғат сүйгіштігі; қазақ – табиғатынан ақын халық; сондықтан қазақ ән салуға, ақындық әңгімелер мен аңыз-дастандарды тыңдауды жақсы көреді; дене бітімінде қазақ дені сау, шымыр келеді; бейбітсүйгіш, соғысты қаламайтын халық» (Иванченко, 2001: 166). Біздің ойымызша, бұл жағымдымінездерімізді қазірдің өзінде жекелеген адамдардың бойынан да, халықтың бойынан да көруге болады. Қоғамдағы биліктің бағытталған объектінің ерекше сипатына сай жүргізілетінін анық байқауға болады. Кеңестік дәуірде халық менталитетінің өзгеріске ұшырауы көп уақытты алған жоқ. Бұл менталитеттің өзгеруіне ұрпақ алмасудың әсер ететінін көрсетеді. Зерттеушілер бұл кезеңдегі менталитеттің өзгеріске ұшырауына тікелей биліктің әсерін көрсетеді. Биліктің авторитарлық-тоталитарлық әдіс-тәсілдері арқылы адамның бойында кездесетін жағымсыз қылықтарды ірі әлеуметтік топтарға сіңірген. Біздің ойымызша, егер саясатта, билікте заңға қайшы келетін әдіс-тәсілдер қолданылатын болса, ол халықтың тереңде жатқан жағымсыз ой-пікірлерінің оянуына алып келеді.

Алайда, жоғарыдағы философтардың көбі халықтың негізін құрайтын ұлт ретінде қазақтардың менталитетін зерттеуге көбірек көңіл бөлген. Біздің ойымызша, қазақстандық менталитетті зерттеу үшін бұл жағдай жеткіліксіз, әрине қазақ халқы қазақстандықтардың жартысынан көбін қамтиды, алайда қалған бөлігінің де қазақстандық менталитетті қалыптастыруда алатын өзінің маңызды орны бар, оны біз жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан қазақстандық халықтың менталитетін зерттеу үшін, оның құрамдас бөліктерінің ментальдық ерекшеліктеріне талқылаулар жүргізу маңызды.

А. Қасабеков, Ж. Алтаев қазақ философиясын зерттеуді философия тарихынан бастау керектігін айта отырып, оның негізгі бағыттары ретінде тұрпайы-диалектикалық ойларды, дүниеге шынайы түрдегі көзқарасты, дінді тану және басқа да еркін ойлау процестерін, моральдық мәселелер мен адам туралы ілімдерді, күш көрсетпеу идеясы және оның күш көрсетпеу саясатына қарсы бағыттарды насихаттауы дей келе «қазақ философиясының тарихы халық тарихының ең маңызды құрамдас бөліктерінің

бірі. Онда ғылыми таным процесі мен халықтың идеалық ізденістері, бай тарихы мен ұлттық ойлау айшықтары көрініс тапқан. Қазақ философиясы халқымыздың тарихын жан-жақты түсіну үшін үлкен негіз және методологиялық құрал» деп көрсетеді (Қасабек, 2000: 5). Осы тұрғыдан келгенде қазақ философиясы қазақ болмысы мен мәдениетін, менталитетін, құндылықтар әлемін тану мен зерделеудегі тұтастыққа негізделген дүниетаным (Қасабек, 2000:27). Яғни, философтардың ойынша ұлт менталитетін зерттеу ұлттық философиядан бастау алу қажет деп санайды. Ал қазақстандық менталитетті зерттеу үшін, бұл категория Қазақстандағы әлеуметтік философияның зерттеу объектісі болып қалыптасуы тиіс.

Жалпы философиялық ғылым бойынша менталитет ағылшынның «mentality», француздың «mentalite» деген сөздерден шыққаны белгілі. Бұл термин XX ғасырдың басында Батыс Еуропада қалыптасқаны туралы да сөз қозғдық. Алғашында ол қоғамның рухани өміріндегі баянды бастаманың сипатын білдірсе, кейіннен ол адамның немесе әлеуметтік топтың әлемді белгілі бір кейіпте, қалыпта сезіну, түйсіну, түсіну және іс-әрекеттер жасау жөніндегі жалпылама, кең тараған түсінігін білдіретін болады. Саяси ғылымдардың докторы Д. Жамбылов «менталитет келесі мағыналарда қолданылады: 1) ойдың бағыты, жүйесі, ақыл шабыты, құрылымы; 2) адамның, таптың, халықтың дүниетанымы, өмірге, саясатқа, билікке қатынасы; 3) рухани өмірдің ерекшелігі» (Жамбылов, 2000: 58) деп көрсетеді. Бұл жерде ойшыл менталитет болмысының маңыздылығын тұтастық негізде анықтаған.

Менталитеттің әрбір ұлтқа қатысты ерекшелігіне байланысты ойшылдың сипаттамасын көрсетуге болады: «әрбір халықтың өзіндік табиғи-тарихи жағдайда өмір сүруіне, дамуына байланысты тілі, мәдениеті, ұстанған дінімен қатар ойлау салты, әлемді бейнелеу, оны танып-білу стилі түпкі санасында тұрақты, берік сақталады, яғни ұлттық менталитеті қалыптасады, сонысымен өзгешеленеді. Ол сол «халықтың зердесі мен жадында ең үлкен құндылық» (Ермолаева, 2008: 337) ретінде бағаланады, құрметтеледі, ұрпақтан ұрпаққа сабақтастық ретінде беріледі. Мысалы, неміс халқын ежелден тәртіпті, ұқыпты деп сипаттайды, жапондықтарды, қытайлықтарды еңбекқор және жұмысқа жауапты қарайды, скандинавия халықтарын салқынқанды, сабырлы деп санайды» (Жамбылов, 2000: 58) деп келеді де бұл

қасиеттердің халықтың менталитетін толық ашып бере алмайтындығын да айтады.

Біздің ойымызша, саяси салаға қатысты да «әр халықтың өзіндік менталитетінде өзгешеліктер бар» (Додин, 2002: 88). Мәселен, америкалықтар мемлекетке сыншыл, кейде жат көзбен қарап, жасаған шешімдердің кемшілігін іздеп отырса, немістердің саясатқа әрқашан ниеттері дұрыс және қабылданған шешімдерді мүлтіксіз орындап отырады. Бұл мәселе бойынша қазақ халқының менталитетіне тоқталсақ. Онда ерекше орын алатын «еркіндік», «теңдік» құндылықтарын алуға болады. Бұл құндылықтар қазақ менталитетінің негізгі қасиеттерінің бірі көшпелі өмір салты, сан ғасырлар бойы еркіндікке ұмтылу және бостандықты қадірлеуге байланысты тарихтан көптеген мысалдар келтіруге болады. Ағылшын философы А. Тойнби отырықшы халықпен салыстырғанда, номадтарды (көшпенділерді) басып алу, бағындыру өте қиынға түскен деп есептеген (Бурбаев, 2002: 100). Бұл тұрғыдан алғанда еркіндік, еркіндікке ұмтылу қасиетінің ерте заманнан бері қалыптасқан менталитеттегі құндылық екендігін көрсетеді.

Саяси білімде «еркіндік», «теңдік» деген құндылықтардың түсіну деңгейіне байланысты зерттеулер жүргізгенде, америкалықтардың 74% еркіндікті бірінші орынға қойыпты, 20% теңдікті жақтапты. Ал еуропалықтар еркіндікке де, теңдікке де бірдей баға берген. Бұл сараптама туралы қазақстандық ойшылдары демократияның құндылықтарын түсінуде менталитеттердің арасында айырмашылықтардың бар екендігін айтады.

Сонымен бірге, Қазақстандағы ұлттың, халықтың табиғатын тануға алғашқы болып үлес қосқандардың қатарына Амангелді Айталыны да жатқызуға болады. Ойшыл ұлттық менталитет мәселесіне зор мән берген философ, оның көзқарастары көбіне ұлтты танып білу, ұлттың қазіргі тынысы, қоғамдағы болып жатқан үдерістердегі ұлттың орны, ұлттық мемлекет деген ағымдар бойынша шоғырланған.

«Қазақ ұлты үшін этникалық-мәдени, мәдени білім берудің мақсаты – сол қазақ этносын түгел ұлтсызданудан, ұлтты ыдырататын ассимиляциядан сақтау, оның төл мәдениетіне деген құқығын қорғау» деп бұл мәселені бүгінгі күннің өзекті бағыты ретінде қарайды (Молдабеков, 2001: 302).

Айталы қазіргі саяси үдеріс туралы ойын былай деп сабақтайды: «біздің жас мемлекетіміз алғашқы күннен бастап, екі қауіптен сақтанды: бір жағынан, шексіз, авторитарлық биліктен, екінші жағынан, әлсіз, әлжуаз мемлекет болып

қалудан. Осы екі пәленің алдын алып, аман келе жатырмыз» (Айталы, 2000: 226). Оның ойынша ұлттың өзін-өзі тануы, өзін-өзі тәрбиелеуі жас тәуелсіз мемлекеттің дамуындағы негізгі қажеттіліктердің бірі. Өзінің «Ұлттану» деген еңбегінде былай деп жазады: «Орыс тілінде басымырақ сөйлейтін орыстана бастаған қазақстандық қоғам орыс тілді қазақстан ұлты болуға дайын тұр. Испан тілді кубалықтар, бразилдықтар сияқты орыс тілді қазақстандықтар ұрпағы өмірге келгені шындық. Сондықтан ұлт табиғатын тану әсіресе өсіп келе жатқан жастарды тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Ең бастысы – әр ұлттың, оның рухани мәдениетінің бағалы, өзіндік қайталанбас құбылыс екенін ескеру» дейді (Айталы, 2000: 226).

Сонымен бірге, халықтың менталитеті мәселесін зерттегенде оның ерекше қасиеттерінің бірі мәмілелік мәселесіне де тоқталған. Оның ойынша, «толеранттылық идея сырт көзге қарайып көрінгенімен, шындығында, жай төзімділік қана емес. Ол өмір талабынан туып отыр, әр түрлі салдарға апарып соғады. Өзінен бөтенге, дербес пікірі бар, өзге тілде сөйлейтіндерге, бөтен дінге жататындарға, бөтен құндылықтарды мойындайтындарға деген ашу, ыза, төзімсіздік кектесушілікке айналады. Ол жеке адамнан бастап, ұлттарға, дінге, мемлекеттерге қауіп төндіреді» (Айталы, 2000: 105) дей келе, осы мәмілеліктің қазіргі қоғамымыздың демократиялық дамуындағы рөлін былай анықтайды: «Демократия – ол тек еркіндік қана емес, ол ісің мен сөзіңе деген жауапкершілік, өзінді-өзің билей білу. Ойланбай айтылған сөз оқтан да қауіпті. Толеранттылық ой-пікіріміздің, наным-сеніміміздің шектілігін, әрқайсымыздың да қателесуімізге «құқымыздың» барлығын мойындатады. Татулықсыз, келісімсіз демократияның мүмкін еместігі секілді, демократиясыз, еркіндіксіз татулық мүмкін емес» (Айталы, 2000: 105). Біздің ойымызша, мәмілелік қасиетінің бүгінгі күнгі негізгі міндеті қазақстандық қоғамдағы тұтас бір ұлттың қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Тағы да бір философтар «өкінішке орай, Совет Одағы ыдырағанымен, советтік азаматтық сана бірқатар адамдардың жадынан кеткен жоқ. Оны көптеген социологиялық зерттеулер де дәлелдеп отыр. Советтік сананы аңсайтындар әсіресе Қазақстанда көп» (Бурбаев, 2005: 145) деп санайды. Біздің ойымызша, бұл сана біртұтас халықтың қалыптасуына қатысты емес, тек әлеуметтік қиындықтарға байланысты аңсаулар болып табылады.



Жоғарыда айтылғандарды саралай келе, қазақстандық халықтың қалыптасуындағы кейбір жағымсыз жақтардың кездесетінін ескере кеткен жөн. Солардың бірі өзіміз көріп отырғанымыздай тіл мәселесі, тілсіз халық, халықсыз тіл болмайтыны тағы да белгілі. Сонымен бірге еліміздегі украин, неміс, кәріс, басқа ұлттарға болашақ «қазақстан ұлтының» бөлігі ретінде қарау ұлтаралық араздықты туғызбайтыны да анық. Тіпті қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдарынан мемлекеттік тілді үйренуге деген басқа ұлт өкілдерінің талпынысын анық байқап жүрміз. Бұл құбылыс Ата Заңымызға да сай келеді. Бұл жөнінде философтар қазақстандық бірегейліктің қалыптасуын бүгінгі күннің қажеттілігі деп санайды және осы қазақстандық бірегейліктің қалыптасуына ықпал ететін бірден бір фактор, ол – мемлекеттік тіл деп тұжырымдайды.

Көптеген зерттеушілер ортақ менталитет мәселесінен гөрі қазақ ұлтына ғана қатысты мәселелерді көтеруді маңызды санайды. Олар ұлт болып ұйымаған қазақ сияқты халық, екінші бір қауымдастықтың тірегіне емес, жетегіне айналып кетеді-ау деген қауіптерін де жасырмайды. Олардың ойынша, біздің еліміздегі орын алып келе жатқан экономикалық, саяси, идеологиялық плюрализм сияқты, еліміздің құрылымына этникалық плюрализм бәрінен де үйлесімді. Бүгінгі күні Қазақстан халқын қалыптастыру емес, Қазақстан азаматын тәрбиелеу маңызды болып отыр деп ой қорытады.

Қазіргі қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі ретінде ғалым М. Арын «Бес анық» еңбегінде тіл мен ұлт байланысын айта келіп, былай деп ой түйеді: «тіл дегеніңіз белгілі бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы сияқты. Қойма дегенде ойға оралады, сол жиналған рухани байлықты ұрпақтан ұрпаққа тіл жеткізіп беріп отырмаса, әр ұрпақ өзінің рухани өмірін жаңадан бастаған болар еді. Ғалым тілді тек қатынас құралы ретінде емес, оған терең мән береді. Тілдің психологиялық, дүниетанымдық қызмет атқаратынына көңіл аударады. Автор неміс философы, оқымысты Вильгельм Гумбольдтың мына ойын келтіреді: «ұлттың өзіне тән, іштей данышпан рухы» бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып сақтап, ұрпақтан ұрпаққа беруші күш – тіл» (Арын, 1999: 56).

Әрине, қандай да бір халықты, ұлт пен ұлысты біріктіретін ортақ идеяны жасанды түрде жасау мүмкін емес, белгілі бір тұлғалар немесе адамдар тобының үгіт-насихаты арқылы жасала сал-

майды. Ол халықтың өзіндік ұлттық санасы мен менталитетінің дамуының нәтижесінде, заманның талабына сай қалыптасады. Ал «әрбір индивид өз халқының менталитетін меңгере отырып» (Потапчук, 2016: 96), оның құндылықтар әлемін өзіндік түсініктер жүйесі ретінде қалыптастырады. Ұлттық менталитет, «ұлттың мінез-құлқымен біріге отырып, ұлттық бірегейлікті» (Смирнов, 2015: 11) қалыптастырады. Осының барлығы жинақтала келе «қоғамдық сананың негізіне» (Анисимова, 2019: 5) айналады.

### Қорытынды

Дамыған өркениетті мемлекет құру – біздің ортақ мақсатымыз екені рас. Қазақстандық халықтың ортақ ой-тұжырымы, сезімі, әлемді түсінуі, яғни менталитеті әлі де болса қалыптасып болған жоқ. Алайда менталитет негізін өзгертпей, әрдайым өзгеріп, түрленіп, заманына сай сайланып отыратындығын ескеруіміз керек, сонда ғана қазақстандық халық біртұтас ұлт ретінде сақталынып, Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері біріге отырып, ортақ мақсатқа қолдары жетеді. Қазақстандық менталитетті зерттеушілердің негізгі ойлары осы ой төңірегінде өрбиді. Қазіргі қазақ философиясында менталитет мәселесін зерттеп жүрген ойшылдардың еңбектеріне келесі сипаттаманы беруге болады:

Менталитет табиғатын зерттеушілер сол қазақы тәрбиеде туып, өскендер, яғни қазақ халқының табиғатын ішінен біліп түсінетіндер, басқа зерттеушілерге қарағанда, бұл мәселені жан-тәнімен меңгергендер, олардың бұл тақырыпта зерттеу жүргізулері, бір жағынан алғанда қазақ философиясын қалыптастырудағы қажеттілік болса, екінші жағынан өз халқы үшін, оның болашағы үшін жан ашығандықтан болып табылады. Себебі олар көбіне ұлттық менталитетке, оның тарихы мен бүгінгіне көңіл бөлген.

Біздің ойымызша, қазақтардың әлеуметтік-саяси ерекшелігі, рухани күші оның басқа этностармен бірге өмір сүре білуінде. Ұлттық сезім рухани дүниесінде терең қалыптасқан. Қазақтар ұлтаралық тілді еркін меңгерген, басқа этномәдени құндылықтарға бейімделе алады. Қазақ менталитетінің негізінде тең серіктестік сезімі, өздерін ұлт ретінде жоғары ұстамау, мәмілелік, ашықтық сезімдері жатыр. Бұл мәліметтер әртүрлі деректердегі жүргізілген зерттеулерден алынған болатын. Бұл өзін қазақстандық халыққа жатқызғысы келмейтін әлеуметтік топтардың мүшелеріне тән көзқарас.

Қазақстандағы менталитет мәселесін тек ұлт тұрғысынан кең зерттелгенін айтсақ та, кейбір зерттеулерден қалыптасып келе жатқан қазақстандық халықтың ортақ менталитетін зерттеуге тырысушылықты кездестіреміз. Кейбір зерттеушілер қазақстандықтардың жалпы қоғамдық құндылықтарға қатынасын зерттеп, нәтижесінде қазақстандық азаматтың портретін көрсеткен. Олар қазақстандық азаматты жоғары адамгершілік қасиетімен сипаттаған, алайда құндылық ориентациясы жүйесінде тәрбиенің маңыздылық деңгейі төмен қоғамның мүшесі ретінде көрсеткен. Қарап отырсаңыз, белгілі бір ұлтқа қатысты емес жалпы адамзаттық идеяны қолдайтын тұжырымдардың да бар екенін аңғаруға болады.

Біздің ойымызша, ойшылдар қазақстандық менталитет деген ұғымды қолданудан гөрі, ұлттық идеология, ұлттық идеялар, қазақстандық «арман-мұрат», еуразиялық идеялар туралы зерттеулер жүргізуде. Бұл жағдайда, қазіргі таңдағы мемлекеттік саясаттың идеологиялық бағдары, халықтың мүддесіне қатысты әлеуметтік топтардың саяси іс-әрекеттері – зерт-

теу объектілері болып табылады. Соған қатысты, қазақстандық менталитет мәселесі халықтың саяси саладағы, билікке қатысты ой-пікірлерін зерттеулер арқылы қарастырылуда.

Ментальдық мәселелерін зерттеушілердің ойларында, тұжырымдарында қатты қарама-қайшылықтар кездеспейді. Тек олар бір-бірін толықтыру, біреуі тоқталмаған мәселеге екіншісі тоқталып, бір-бірін түсінгендерін көрсетеді. Жалпы олар ұлттық менталитет мәселесін жеке көтермеген, бұл мәселе ұлттық немесе мемлекеттік идея, қазақстандық идея деген мәселелердің шеңберінде қарастырылған.

Әрбір халықтың өзіндік табиғи-тарихи жағдайда өмір сүруіне, дамуына байланысты тілі, мәдениеті, ұстанған дінімен қатар ойлау салты, әлемді бейнелеу, оны танып-білу стилі түпкі санасында тұрақты, берік сақталады, яғни менталитеті қалыптасады, сонысымен өзгешеленеді. Ол халықтың зердесі мен жадында ең үлкен құндылық ретінде бағаланады, құрметтеледі, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастық ретінде беріледі.

#### Әдебиеттер

- Айталы А. Ұлттану: оқу құралы. [Nationalization: Study Guide] – Алматы: Арыс, 2000. – 226 б.
- Анисимова Н.Н. Национальный характер и национальный менталитет // Вестник Донского аграрного университета. – №1-2 (31). – 56.
- Арын Е. Ұлттық ұйытқы. Ол қандай? [National Curse. What is it?] // Саясат. – 1999. – № 9. – 56 б.
- Бурбаев Т.Қ. Еуразиялық менталитет: қалыптасу және даму ерекшеліктері [Eurasian mentality: features of formation and development] // Еуразия: ғасырлар тоғысында. Халықаралық симпозиум материалдары. – Астана, 2002. – 100 б.
- Бурбаев Т.Қ. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері [Features of the development of the Kazakh mentality]. – Астана, 2005. – 287 б.
- Додин Е.Я. К вопросу о непрерывности формирования национального менталитета // Культурология. – 2002. – №3 (23). – 88 б.
- Ермолаева О.А. К проблеме определения национального менталитета // Регионология. – 2008. – №2 (63). – 337 б.
- Есім Ғ. Сана болмысы. (Саясат және мәдениет туралы ойлар) [The essence of consciousness. (Politics and Culture)]. – Алматы: РИМП-ПКП, 1994. – 224 б.
- Жамбылов Д. Саясаттану негіздері [Fundamentals of Political Science]. – Алматы: Жеті жарғы, 2000. – 240 б.
- Жукешев К. Менталитет и национальная психология // Мысль. – 2006. – № 6. – 81 б.
- Зорин В.И. Зарипова И. Мудрость любовь моя. – Ақмола, 1996. – 145 б.
- Иванченко В. Глобализация и общественный менталитет // Вопросы экономики. – 2001. – № 12. – 150 б.
- Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең [Kazakh mentality: yesterday, today and tomorrow]. – Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б.
- Қасабек А. Ұлттың ділі [Nation's mentality] // Ақиқат. – 2000. – № 8. – 46 б.
- Құдабаев А.Ж. Қазақ халқының ұлттық менталитетінің ерекшеліктері [Features of the national mentality of the Kazakh people] // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. – 2004. – №1. – 56 б.
- Лесная Л.В. Менталитет и ментальные основания общественной жизни // Социально-гуманитарные знания. – 2001. – № 1. – 184 б.
- Моисеева Н.А., Сороковикова В.И. Менталитет и национальный характер (О выборе метода исследования) // Соц. иссл. – 2003. – № 9. – 49 б.
- Молдабеков Ж., Қасабек А. Шығыс философиясы: оқу құралы [Oriental philosophy: Study Guide] – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 302 б.
- Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. [The world of spiritual values: social

philosophical analysis] – Алматы, 2000. – 180 б.

Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. – Алматы: Өлке, 1994. – 207 б.

Потапчук Т.В. Национальный менталитет как фактор формирования национально-культурной самоидентификации личности // Вестник ГГУ имени Янки Купалы. – 2016. – №3. – 96 б.

Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау: оқу құралы [Ethnocultural interpretation: Study Guide]. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

Смирнов П.И. Национальная идентичность, национальный характер и национальный менталитет: понятия и факторы формирования // CREDO NEW. – 2015. – №4. – 11 б.

Тәтімұв Мақаш. Не көрсек те өзімізге байланысты [What we see is also related to ourselves] // Қазақ әдебиеті. – 2000. – 8 желтоқсан. – № 49.

Тоқаев Қ. Беласу: Дипломатиялық очерктер [Diplomatic essays] – Алматы: Дәуір, 2003. – 656 б.

### References

Aıtaly A. Ulttaný: oqý quraly. Almaty: Arys, 2000. 226 p.

Anisimova N.N. Nasionálný harakter i nasionálný mentalitet . Vestnik Donskogo agrarnogo ýniversteta. -№1-2 (31). 5p.

Aryn E. Ulttyq uytqy. Ol qandaı? Saasat. 1999. № 9. 56 p.

Býrbaev T.Q. Eýrazialyq mentalitet: qalyptasý jáne damý erekshelikteri . Eýrazia: ǵasyrlar toǵysynda. Halyqaralyq simpozıým materialdary. Astana, 2002. 100 p.

Býrbaev T.Q. Qazaq mentalitetiniń damý erekshelikteri. Astana, 2005. 287 p.

Dodin E.IA. K voprosý o neprerывnosti formirovaniya nasionálnogo mentaliteta . Kúltýrologia. 2002. №3 (23). 88p.

Ermolaeva O.A. K probleme opredeleniya nasionálnogo mentaliteta. Regionologia. 2008. №2 (63). 337p.

Esim Ǵ. Sana bolmysy. (Saasat jáne mádeniet týraly oılar). Almaty:RIMP-PKP, 1994. 224 p.

Jambylov D. Saasattaný negizderi. Almaty: Jeti jargý, 2000. 240 p.

Jýkeshiev K. Mentalitet i nasionalnaia psihologia . Mysl. 2006. № 6. 81 p.

Zorin V.I. Zaripova I. Mýdros lúbov moá. Aqmola, 1996. 145 p.

Ivanchenko V. Globalizasiya i obshestvennyi mentalitet . Voprosy ekonomiki. 2001. № 12. 150 p.

Kishibekov D. Qazaq mentaliteti: keshe, búgin, ertheń. Almaty: Gýlym, 1999. 200 p.

Qasabek A. Ulttyń dili. Aqıqat. 2000. № 8. 46 p.

Qudabaev A.J. Qazaq halqynyń ulttyq mentalitetiniń erekshelikteri. Ál Farabı atyndaǵy Qazaq ulttyq ýniverstetiniń habarshysy. 2004. №1. 56 p.

Lesnaia L.V. Mentalitet i mentalnye osnovania obshestvenoi jizni .Sosiálno-gýmanitarnye znanıa. 2001. № 1. 184 p.

Moiseeva N.A., Sorokovikova V.I. Mentalitet i nasionálný harakter (O vybore metoda isledovaniya) .Sos.isled. 2003. № 9. 49 p.

Moldabekov J., Qasabek A. Shyǵys filosofiasy: oqý quraly. Almaty: Qazaq ýniversteti, 2001. 302 p.

Nurmuratov S.E. Rýhanı qundylyqtar álemi: áleymettik filosofialyq taldaý. Almaty, 2000. 180 p.

Orynbekov M.S. Predfilosofia protokazahov. Almaty: Ólke, 1994. 207 p.

Potapchýk T.V. Nasionálný mentalitet kak faktor formirovaniya nasionálno-kúltýrnoi samoidentifikası lichnosti .Vestnik GGÝ imeni Ianki Kýpaly. 2016. №3. 96p.

Seidimbek A. Qazaq álemi. Etnomádeni paimdaý: oqý quraly. Almaty: Sanat, 1997. 464 p.

Smirnov P.I. Nasionalnaia identichnos, nasionálný harakter i nasionálný mentalitet: ponatia i faktory formirovaniya . CREDO NEW. 2015. №4. 11p.

Tátimov Maqash Ne kórsek te ózimizge bailanysty . Qazaq ádebieti. 2000. 8 jeltoqsan. № 49.

Toqaev Q. Belasý: Diplomatıalyq ocherkter . Almaty: Dáýir, 2003. 656 p.